

2024 жылғы қаңтар-шілдедегі химия өнеркәсібі

ҚР СЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес **2024 жылғы қаңтар-шілдеде өндіріс көлемі** құндық мәнде 616,0 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **8,1%-ға** жоғары болып табылады.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 44,3%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 13,5%, өзге химиялық өнімдер – 5,6%, бояғыштар мен пигменттер – 5,7%, өнеркәсіптік газдар – 5,0%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 3,4%, өзге де негізгі органикалық заттар – 3,3%, бастапқы нысандағы пластмассалар – 13,5%, ЛБМ – 3,5%, тұрмыстық химия – 2,1% құрайды.

Нақты көлем индексі **107,4%** құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және сабақтас өнеркәсіп салаларында (*ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.*) тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады. **Өндіріс көлемінің** заттай мәндегі ең үлкен өсімін мынадай тауарлар көрсетеді: хром оксиді (+13,3%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+12,6%), тұз қышқылы (+23,0%); фосфор (+30,8%); фосфор тыңайтқыштары (+66,7%); бастапқы нысандардағы полиуретандар (+9,0%).

2024 жылғы қаңтар-маусымда құны бойынша химиялық өнімнің экспорты **961,3 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 8,7%-ға жоғары. Экспорттың негізгі елдері: **Қытай (25,7%), Ресей (24,7%), Марокко (4,4%)**.


Химия өнеркәсібі өнімдерінің импорты 2024 жылғы қаңтар-маусымда 2 151,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 15,4%-ға төмен. Импорттың негізгі елдері: **Ресей (40%), Қытай (15,2%), Германия (5,7%)**.

2024 жылғы қаңтар-маусымда химиялық өнім түрлері **нарығының көлемі 2 254,7 млн. АҚШ долларын (1 012,4 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 18,4%-ға төмен. Нарық көлемінің төмендеуі өндіріс көлемінің қысқаруымен де байланысты (-3,6%) және импорт (-15,4%), ал экспорт көлемі ұлғайды (+8,7%). Бұл ретте талданатын кезең ішінде ұлттық валюта бағамының нығаюын (+0,6%) атап өткен жөн. **ОТӨ үлесі** 3,4 п. т. төмендеп, **4,6%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 95,4% құрады.

2024 жылғы қаңтар-шілдеде химиялық өнім түрлерін өндірудің ең көп көлемі мынадай **облыстарда** байқалады: Жамбыл (23,7%), ШҚО (19,5%), Атырау (12,4%), Қарағанды (9,0%), Ақтөбе (7,3%), Павлодар (5,7%), Ақмола (5,4%), Маңғыстау (4,8%).

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2024


616
МЛРД ТГ



107,4%
ИФО

■ прочая неорганика
■ красители и пигменты
■ промышленные газы
■ удобрения и азотосодер. вещества
■ прочие химпродукты
■ пестициды и прочая агрохимия

\$961,3
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **95,4%**



РЫНОК

\$2 151,2
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН. ТЕНГЕ